

Частичная инклюзия предполагает совмещение индивидуального обучения детей-инвалидов на дому с посещением общеобразовательного учреждения и обучение по индивидуальным учебным планам, а также учет количества часов и предметов по включению детей-инвалидов в инклюзивное пространство по согласованию с родителями (законными представителями). Также дети-инвалиды могут посещать кружки, клубы, внеклассные общешкольные мероприятия и т.д. При частичной интеграции всевоспитанники специальной группы или класса вне зависимости от достигнутого уровня развития объединяются со своими нормально развивающимися сверстниками не реже двух раз в месяц для проведения совместных мероприятий (в основном воспитательного характера). Данная модель интеграции может быть реализована в ДООУ комбинированного вида, имеющих специальные группы, а также в массовых школах, в которых открыты специальные классы.

Эпизодическая, или внеурочная, инклюзия - это целенаправленная организация хотя бы минимального социального взаимодействия детей с выраженными нарушениями развития со сверстниками, преодоление тех объективных ограничений в социальном общении, которые создаются в условиях специальных (коррекционных) учреждений. Эпизодическая интеграция может быть рекомендована детям с более глубоким интеллектуальным нарушением, с отягощенной умственной отсталостью либо имеющим выраженные расстройства поведения. Эпизодическая интеграция предполагает, что воспитанники специальных учреждений, практически все время обучаясь отдельно, эпизодически объединяются с детьми из массовых учреждений на определенное время.

Социальное взаимодействие обеспечивается в лагерях отдыха, во время специально организованных походов, праздников, конкурсов; при организации и проведении выставок детских работ; в кружках и т.д.

Массовые педагоги выступают в качестве организаторов совместных соревнований, выставок, конкурсов, учитель-дефектолог и воспитатель специальной группы оказывают конкретную методическую помощь массовым педагогам в организации и проведении этих мероприятий, подсказывая, как установить контакт с детьми с ОВЗ, как вовлечь их в ту совместную деятельность, где они могут быть наиболее состоятельны.

Таким образом, все выше сказанное позволяет говорить о подборе доступной и полезной модели интеграции для каждого ребенка с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательную среду.

#### Список литературы:

1. Модель психолого-педагогического сопровождения учителя в инклюзивном пространстве общеобразовательного учреждения, Дониченко О. Г., Фелькер Ю. И.
2. Организация учебного процесса с «особыми детьми», Макина С.И., Елисеева В.Е., Павлова Ю.Н.
3. Бейсенбаева Б. Ж. Актуальность инклюзивного образования в сфере развития современной образовательной системы // Актуальные вопросы современной педагогики: материалы VIII Междунар. науч. конф. (г. Самара, март 2016 г.). - Самара: ООО "Издательство АСГАРД", 2016. - С. 1-3.

#### ДЕФЕКТОЛОГИЯ - САУАБЫ МОЛ МАМАНДЫК

Аширбекова Ж.Б., Садыкова Ә.Д.

Қарағанды қаласы, КМҚК №15 «Аққу» балабақшасы

Бесігінде – ақ бала – үміт, бала – бақ,

Ана – арман жүр ой теңізін жағалап.

Сақтау үшін жат көздердің сұғынан,

Мұндай ұлан, ана, сізге аманат!, - деп Ғабиден Қожахмет ақын өлеңмен өрнектегендей, перзент сую адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатқан ең бір хикметті құбылыс, әр ата-ананың жан қалауы. Өйткені, бала – өмірдің сәні, отбасының шаттығы. Шал ақынның «Босағасын алтыннан соқсаңда, перзент сүймей, адамның мейірімі қанбас» деуі осыдан шығар. Шындығында, баланың шер етіп өмірге келуі – зор қуаныш. Жаңа туылған сәби тап-таза, ақ парақ секілді. Оған не жазылатыны, болашақ тағдыры қалай болатыны ата-анасына байланысты. Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласының жаратылысы ерекше құбылыс. Мысалы: жылқының баласы құлын, туа салысымен аяқтанады, тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам

баласы туғанда өте әлсіз, өсуі-өнуі тым сараң, тым шабан болып туады. Сол себепті, оның денесіне, жанына азық беру, өсуіне көмек көрсететін ата-ананың қамқорлығы ауадай қажет.

Әрбір ата-ананың өз перзентін көз қуанышымыз, жүрегіміздің нұры, жанымыздың бір жапырақ бөлшегі деп ерекше жақсы көрінетіні бәрімізге белгілі. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай аялап өсірумен қатар, баласының табанына кірген шөгір менің маңдайыма кірсін деп, аяулы алақанына салып ер жеткізеді. Яғни, әрбір ата-ана өз баласына жақсылықты тілейтіні бәрімізге мәлім. Әсіресе, мұндай жағдайлар отбасында мүмкіндігі шектеулі, ерекше күтімді қажет ететін баланың дүниеге келуімен орын алып жатады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірге келуі шын мәнінде отбасын психологиялық өзгерістерге алып келеді. Мұндай балалар ерекше көңіл бөледі, арнайы тәрбиелеу мен оқытуды талап етеді. Ең алдымен, оның дамуындаға проблемаларға сәйкес өз баласына тән қажеттіліктер мен мүмкіндіктерін анықтап алу керек. Бұл тиімді емделу және реабилитация жолын таңдауға көмектеседі, баланың отбасында өмірге бейімдеу мүмкіндіктерін анықтайды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі оларды қоғамдық өмірге дайындау, әлеуметтік бейімдеу, жан-жақты дамуларына көмек көрсету, әлеуметтік өмір шеңберінде тең құқылы тіршілік етулеріне жағдай жасау.

2002 жылдың 11 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасындағы «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету туралы» Заңына сәйкес даму және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар білім алуға және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар білім алуға және шығармашылық, дүниетанымдық мәдениеттерін дамытуға тең құқылы.

Мүмкіндігі шектеулі бала толық отбасында өзін керек екенін түсінсе, бұл баланың психологиялық ахуалдың жақсаруына септігін тигізеді. Отбасындағы ата-анасының көмегі бұндай балаларға аздық етеді. Осы тараптан арнайы мамандардың жұмысы қажеттілік тудырады. Бізге қандай маман көмек көрсете алады деген сұрақ, ерекше баласы бар ата-ананың алдында тұратын үлкен мәселе. Бұл тарапта логопедтер, сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, олигофенапедагогтар, психологтар, невролог және де т.б. мамандардың көмегіне жүгінеді.

Балада тіл кемістігі бар болатын болса, онда онымен логопед маман жұмыс жүргізеді. Бұл маманды логопед деп атайды. Логопедия, -психология мен педагогиканың тіл кемшілігін, оны жою мен оның алдыналудың әдістері мен қағидаларын зерттейтін саласы. Бала тілінде болатын кемістіктерді зерттеп, оны жоюдың жолдарын іздестіретін арнайы педагогика тарауының бірі. Кемшіліктердің қайсыбірі сөйлеу жағынан (мәселен, тіл мүкістігінен) байқалса, екіншісі оқуы мен жазуының (дислексия, дисграфия) бұзылуынан да көрінеді. Фонетика, сондай-ақ, лексика-грамматика жүйені (алалия, афазия) қамтитын бұзылулар бар. Көбінде тілдің кемістіктері оның қарқыны мен созылмалығына (тұтықпа) қатысты болады. Тілдің кемістігін зерттеу мен жою білімнің басқа салаларының психология, тіл білімі, физиология, медицина деректерін ескере отырып жүргізіледі.

Егер, ақыл-ойы дамуынан қалып қойған балалар болса, онда ондай балалармен олигофенапедагогтар жұмыс жүргізеді. Олигофренопедагогика негізгі мазмұны мынар болып табылатыны:

1. Балалардағы ақыл-ой қалып қойғандық мәні, аномалды баланың ерекшеліктерін педагогикалық және психологиялық зерттеудің жолдары мен құралдары туралы ілім;
2. Ақыл-ой дамуынан қалып қойған баланы оқытудың теориясы (дидактика);
3. Көмекші мектептердегі ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларды оқытудың ғылыми негіздемесі;
4. Мектеп курсының пәндері бойынша ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларды білім мен дағдыларға оқытудың жеке әдістемелердің негіздемесі;
5. Ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларда еңбекке сәтті енгізуі мен социалистік жатақхананың ережелерін орындауына қажетті жағымды өнегелі қасиеттерді тәрбиелеудің ұстанымдары мен әдістердің негіздемесі.

Көру қабілетінде бұзылыстары бар, яғни зағип балаларды оқытумен тәрбиелуді жүргізу тифлопедагогтардың еншісінде. Тифлопедагогика жалпы педагогиканың саласы ретінде философияға, гуманистік тәрбие мен жалпы-дидактикалық оқыту принциптеріне, көру қабілетінің кемістігі бар адамдардың өсу ерекшеліктеріне негізделіп дамиды.

Сурдопедагогика – мылқау балаларға білім және тәрбие беру проблемаларын зерттейді. Оған құлағы нашар және мүлде естімейтін балалар кіреді. Оларға білім беру барысында қолмен сөйлеу құралы кіреді.

Осындай төрт саланы дефектология ғылымы біріктіреді. Дефектология педагогиканың көру, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін ғылымның арнаулы саласы. Дефектолог мамандарды Қазақстанның көптеген қалаларындағы жоғарғы оқу орындарында дайындайды. Сондай оқу орындарының біріне тоқталатын болсақ Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Көптеген жылдар бойы осы білім ордасында дефектолог мамандар білім алып, білімдерін мүмкіндігі шектеулі балаларға тәлім мен тәрбиені оқытуда. Бұл оқу орыннан білім алған мамандар Қазақстанның түпкір-түпкірлерінде көмекке зәру балаларға қолұшын созуда. Осы саланың мықты деген профессорлар, доценттер, докторлар, магистрлар салмақты да салалы білім беріп, өз ісінің нағыз шебер мамандарын даярлауда.

Білім мен ғылым күн сайын дамып келе жатыр. Болашақ дефектолог мамандардың білім деңгейін салыстыру, саралау мақсатында биылғы оқу жылында ҚарМУ ұйымдастыруымен «Дефектология мамандығы бойынша ІХ Республикалық студенттік пәндік олимпиада» өткізілді. Олимпиадаға қатысушылар Қазақстанның барлық аймағында осы мамандықты оқытатын жоғарғы оқу орындарының нағыз білімді де, білгір студенттері. Биылғы жылға сайысқа 14 команда қатысты. Кейбір университеттерден 2 командалар сайысқа атсалысты. Олимпиаданың арнайы бағдарламасы екі күнге бекітілген. Бірінші күні командалар өздерін таныстырып, топ басшыларының сайысымен, топтық жарыс өткізілді. Сайыстың екінші күнінде қатысушылардың теориялық білімдерін деңгейін анықтайтын жеке даралық сайыстар ұйымдастырылды. Барлық командалар жоғарғы деңгейде білімдерін көрсетіп, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар командалар алдығы шығып, бас бәйгені ҚарМУ «Алау» командасы қанжығасына байлады. Қатысушылардың білімдерімен біліктіліктерін арнайы ұйымдастырылған әділ қазы алқалары бағаларын берді. Әділ қазы алқаларына университетінің оқытушыларымен қатар шақырылған қонақтар кірді.

Осындай сайыстар болашақ маманның білімін ұштастырып, қанаттандырады. Дефектология мамандығы қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтардың бірі. Күн сайын мүмкіндігі шектеулі балалардың тууы артып келе жатыр. Осыдай балалармен жұмыс жүргізу әрине дефектолог мамандардың қажеттілігін тудырады. Сауаптылықпен сабырлықты талап ететін осы бір мамандықты таңдайтын жастарымыздың қатары көбейе берсін дейміз.

#### **Әдебиттер:**

1. «Дефектология мамандығы бойынша ІХ Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың» материалдар жинағы. Қарағанды 2017ж.
2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 ж. 11 шілде №343-ІІ тарау.

## **ПСИХОЛОГО - ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ СФЕРЫ РЕБЕНКА С РЕЧЕВЫМИ НАРУШЕНИЯМИ**

Байдалиева А.Р., Садвакасова Н.А.

Қарагандинский государственный университет им.Е.А.Букетова

В настоящее время, дети с нарушениями речевого развития, являются особой категорией детей с отклонениями в развитии; у них сохранен слух и интеллект, но есть значительные нарушения речи, влияющие на формирование других сторон психики.

В структуре дефекта у детей с речевой патологией наблюдается снижение не только уровня речевого развития, но и снижение уровня познавательной сферы. Раскрытие связей между речевыми нарушениями и другими сторонами психической деятельности, помогает найти пути воздействия на психические процессы, участвующие в образовании речевого дефекта. Познавательная сфера (внимание, восприятие, память, воображение, мышление) являются составной частью любой человеческой, в том числе и речевой деятельности.

Среди исследователей, занимавшихся изучением познавательного развития детей с речевой патологией, можно назвать таких, как Л.С. Цветкова, Т.М. Пирцхалайшвили, Е. М. Мастюкова, Н.А. Чевелева, Г.С. Сергеева, которые исследовали разные периоды восприятия; Г. С. Гуменная, изучавшая особенности памяти; О.Н. Усанова, Ю.Ф. Гаркуша, Т.А. Фотекова, исследовавшие внимание; И.Т. Власенко, Г.В. Гуровец, Л.Р. Давидович, Л.А. Зайцева, В.А. Ковшиков, Ю.А. Элькин, О.Н. Усанова, изучавшие своеобразие различных форм мышления; В.П. Глухов, исследовавший воображение.